

и 2006
4433 15

Сақыпжамал Өтегалиева
АЙ НҰРЫ

60 лет Победы
Ұлы Отан
в великой
согласии
Отечественной
Женщине
60 лет



Сақыпжамал Өтегалиева

АЙ НҰРЫ



60 лет Победы
Ұлы Отан
в Великой
Согласии
Отечественной
Женщине
воине
60 жыл



"Санат" баспасы
Алматы 2005

ББК 84(0)

Ө 77

Қазақстан Республикасы Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
бағдарламасы бойынша шығарылды

Өтегалиева С.

Ө 77 Ай нұры - Алматы: «Санат», 2005. - 128 бет.

ISBN 9965-664-36-6

Ақынның «Ай нұры» атты өлеңдер жинағына әлем классикасынан орын алған А.Ахматова, А.С.Пушкин, И.Северянин, М.Л.Михайлов, Ф.И.Тютчев, А.А.Фет, Г.Гейне сияқты аты мәшінр болған ақындардан аударылған сибектері енген.

Аударма арқауы Отапта, табигатқа, срлікке, сүйіспешілікке толы.

Жинақ аударма саласында өлең сөзді нақсіп еткен жандарға үлгі боларлықтай шығарма.

703000000-18 13-05
416(05) -05

ББК 84 (0)

ISBN 9965-664-36-6

© Өтегалиева С. - 2002, 2005.
© ЖШС «Санат» баспасы, 2005.

Сақыпжамалға хат.

ҚАДЫРЛІ САҚЫПЖАМАЛ!

(Алғы сөз орнына)

Поэзия жайында, ақындық өнер турасында сөз қозғау – қыынның қыны.

Сізді, Сақыпжамал, білмейді екенмін. Екі кітапшаңыз бен аудармаларыңызды параптап шығып, үніле оқып шыққан соң ойланып қалдым. Көз жеткізгенім – сыршыл, нәзік жүректі, сезімтал, ойшыл ақын екенің даусыз. Мен аз-маз білетін ақындарға ұқсамайсыз. Поэзия құдіретінен мейлинше сусындағансыз. Білімдісіз. Қуаттысыз. Өрісіңіз, түйсік -түсінігіңіз кең. Дүниежүзілік әдебиетінен хабардarsыз. Хабардarsыз - жай сөз, классик атаулардың барлығын терең сезінесіз, жүргегізбен түсінесіз. Қазақша жатық сейлетеңіз. Фет, Тютчев, Блок, Ахматова, Гейне, Северянин, Жуковский, Бальмонт, Пушкин, Гете - бәрі де қазақша еркін, көркем сейлейді, құлаққа жағымды, ақылға қонымды естіледі. Бұған да ешкімнің дауы болмас. Түпнұсқаға көніл аудармай, поэтикалық тәржімаларыңызды (немісше Ubersetzung емес, Nachdichtung) бастан аяқ “сыдыртып” оқып шыққанымда, бәрін де ешбір қалтқысыз шынайы қабылдадым. Поэзияны басқа тілде сейлекендеп, шебер әлбетте сөз кумайды, сезді қотара салмайды, бір тілден екінші тілге сүйремейді, поэзияны поэзиямен, суретті суретпен, бейнені бейнемен, тенеуді теңеумен, әуендей әуенмен, ырғақты ырғақпен аударады, үндестік, балама іздейді. Өнер дегеніміздің өзі сол. Сіз бұл қагиданы менен артық білесіз. Және де осы бірден-бір дұрыс қагидаға әбден ден қойғансыз. Аударма өнеріне осы принциппен келгенсіз. Осы бір орасан қыын, азабы мол жолдағы табыстарыңыз бен жетістіктеріңіздің негізгі кепілі де сол болып шықты.

Сөз бар ма, қолжазбаңыз - үлкен еңбек. Абырайлы еңбек. Құнды еңбек. Өнегелі еңбек.

Ал, осы қорытындыны дәлелдеу үшін түпнұсқа мен аудармадан ұзақ-ұзақ мысалдар келтіруім керек екен. Ол

бірақ, біріншіден, өзімді де, Сізді де мезі қылатын машақат шаруа болар еді, екіншіден, менің Сізге ғана бағышталған қарапайым, арнайы хатымды аңы ішектей шұбатылған ғылыми трактатқа, я рецензияға айналдырап еді.

Екі-үш өлең тәнірегінде мен баяғыда осындай сипатта мақалалар жазғанмын (Гете-Лермонтов-Абай; Гете-Жуковский -Мағжан-Қалижан; Абай-Нейман-Кошут). Ал, Сіздің аудармаларының әрқайсысы жайында сондай жобамен аналитикалық зерттеулер жазсам, ол кітапқа айналар еді. Әлбетте, ондай мақсатым жоқ.

Көркем аударманы талқылаудың үлгісін академик Щерба жасап кеткен. Қысқа қайырғанда оның жүйесі былай:

1. Тарихи анықтама, негіз, ахуал
2. Фонетикалық талдау
3. Морфологиялық талдау
4. Лексикалық талдау
5. Синтаксистік талдау
6. Стильдік талдау
7. Образ, әуен, ырғақ сәйкестігі
8. Эстетикалық үндестік

Осы әдіспен жүрер болсақ, бір ғана өлең тәнірегіндегі әңгіме жиырма-отыз бетке созылары хақ.

Оны редактор, сарапшы, рецензенттердің еншісіне қалдырайық.

Отызға жуық аудармаларының (Фет, Тютчев, Ахматова, Гете, Гейне) төл мәтінін қолда бар кітаптардан іздел отырып, түпнұсқамен салыстырып оқыдым. Егжей-тегжейлі салыстыруымның нәтижесі негізінен аудармашының пайдасына шешілді. Дұрыс дедім. Құп көрдім. Оң қабылдадым. Иланым. Келістім. Ұсақ-түйек ауытқуларсыз аударма шықпайтынын, әлбетте, жақсы түсінемін. Бірде ұтылсан, бірде ұтасың. Контекст әуенімен жүріп отырып, бір жағынан қазақтың әбден қалыптасқан эстетикалық табиғи қалыбын, аударма өнерінің зандалықтарын сақтай отырып, екінші жағынан, “жат жұрттық” ұлы әріптестерінізді қазақша жатық сөйлемкеніңізді күөгер оқырман есебінде дәлелдей аламын.

Әрине, кей-кеде: “бұл қалай?”, “басқашалау айтуда болмас па еді?”, “құдай біледі, мына бір сөз үйқас үшін кіріп кеткен-ау” деген сияқты күмән-дүдәмалдар туады, бірақ түпнұсқаға пәлендей зардабы жоқ екеніне байыбына барып иланасыз.


Байқаганым, қайталап айтамын: ақынсыз, аударма өнері де Сізге жат емес, ұлыларды аударып машықтанғансыз,

сұлұлықты сұлұлықпен өрнектеп, басқа тілде іңкәрлікпен сейлете аласыз, ой саласыз, қыыннан қыстырысыз, мәлдіретесіз, талпыныс, талап қана емес, таланттыңыз да мол, дір-дір еткен ақын жүргіңіздің лүпілі анық естіледі, поэтикалық аударма саласындағы табыстарыңызға күмән келтірмеймін, тәржімаларыңыздың қалың оқырманға тезірек жетуіне тілекtesпін.

Осы ойымды мақала, я рецензия түріндө емес, хатарқылы айтуды құп көрдім.

Құрметпен Герольд БЕЛЬГЕР

25.08.2004 ж.



ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 60 ЖЫЛДЫҒЫНА ТУҒАН ОЙ...

Жеңіс деген біреуге бақ.
Біреуге сор әкелді.
Жеңген елде той тойланбақ,
Жеңілген ел қайтеді.

Мынау дүние бар өлемде –
Тәтті ұміттер армандар.
Сәбілерін әлдилеуде
Тал бесікте аналар.

Сол сәбілер – азаматтар,
Сол сәбілер гүл қыздар.
Іңкәрлік, наз, махабаттар,
Әмір солай жалғасар.

Қасиетті, киелі бар –
Отан деген, ел деген.
Тиіссе оған жат-жұрт мұндар,
Ешбір халық көнбекен.

Жеңіліске, жеңіске де
Қан, көзжасы төгілер.
Шыққан елден – Ұлы Гёте –
Неғып туған Гитлер?!

Әлия мен Мәншүк сынды
Тасқа айналмай арулар,
Туған жердің сәні, гүлі
Болсыншы, Алла жалынам!

Отан сую, батыр болу –
Жүзеге аспай соғыспен,
Күллі әлемге таңқалдыру –
Өлшенсінші ұлы іспен.

Жеңіс деген – біреуге бақ.
Біреуге сор әкелді.
Жеңген елде той тойланбақ,
Жеңілген ел қайтеді?!

ТҮСІМДЕ ДЕ КӨРМЕСЕМ...

Тәтті үйқыда жатыр едім тып-тыныш,
Жаным шошып ұшып тұрды ес қалмай.
«Не болды саған? Айтшы нендей қорқыныш –
деді анам – көрдің сонша тұс қандай?»

Терезеге жақын барып үнілдім,
Бір өжеттік бойды билеп ширыға.
Қараңғылық... маужыраған мақпал тұн...
Тұрып қалдым... жауап бермей тыла.

Өтсе даға талай жылдар, талай күн,
Өшірілмей қалды-ау сенің іздерің.
О, сүм фашист! Түсіме еніп бүгін тұн
Тереземді қағып кімді іздедің!..

Елді ойрандап ағызып ең қаннан сел,
От оранып, кулге айналған кең дала.
Отан үшін құрбан болған талай ер,
Жесір ана, жетім қалған жас бала.

Әкем содан кеткен жоқ па оралмай,
Артқа тастап жас жары мен сәбиді.
Ұзақ жылдан бері үміт сөне алмай,
Осы кезге дейін апам налиды.

Тұнді ұзатып, кірпік қақпай жатырмын,
Түсімде де көргім келмей жамандық.
Бейбіт күннің арай таңын атырдым,
Тілеп елге мәңгі бақыт, амандық!

БАР ЕЛ БАСШЫЛАРЫНА БІР СӨЗ!

Әлем тағы от жұтып, қайғы құсты.
Көк аспанды торлады бүлттар сұсты.
Балалардың жанары жасқа толып,
Аналардың шаттығы бұл-бұл ұшты.

Қауіп-қатер, қорқыныш күткені елдің.
Топырағы ұшуда көкке жердің.
Жетістігі ғылымның бомба болып,
Жалмап жатыр ажал бол өмірлерді.

Дір-дір етіп бар болмыс шошып қалған.
Жасып кеткен тәкәппар дүние-жалған.
Күшті артымен шіреніп дірмен тартып.
Әлсіздерге жан қайғы, бір күн - арман.

Азаматы бар елдің ел бастаған,
Сылтау ізден себебін тап баспаған.
Құдірейткен жалдарын арыстандай,
Атылуда тұрткендей жұқа шаптан.

8

Обал-сауап, көз жасы, сәби, кәрі –
Соқпайтындағы ешкімге мұның бәрі.
Адам қаны жылғадай жылжып ақсан,
Ойлантпайды қалайша О, Тәңірі?!


Дінге бөліп көкіді кіл дінсіздер.
Содан ізден сыртауын әумесерлер.
Қай дініңнің тілінде жазылыпты?
«Соғысындар, қыр, жой!»- деп, көргенсіздер!

Айтпай ма осы ашығын «жер керек!»-деп.
«Жер астының байлығы – кен керек!»-деп.
«Құмырсқадай жыбырлап аш-жалаңаш,
Тұсау болады аяқа, неге керек!»

Ей, Ашқарақ! Мықты бар сенен биік.
Уақытша бәркіт тұр көкке тиіп.
Гитлер, Цезарь, Шыңғысхан қайда кетті,
Қалса кәне, мәңгілік тәжін киіп?!

Анамын мен – жандаусым шығады ашы.
Әжемін мен – жаямын аптақ шашты.
Балаларды, немере-шөберені
Айдамаңдар тажалға жеті басты!

Ей басшылар, халқыңа тіке қара!
Сеніп сайлап алмап па еді жеке дара?
Қалдыратын жүректе, есінде Елдің -
Бейбіт шешу қыынды - Мейірім ғана!!!



АУДАРМАЛАР

*A. БЛОК
(1880-1921)*

АННА АХМАТОВАҒА

«Сұлулық қорқынышты» - десе Сізге,-
Жамыларсыз иყқа кербездене
Испан шәлі. Райхан шашыңызда
Қып-қызыл бол түстесіп гүл ерінге.

«Сұлулық жай, түк емес» - десе Сізге,-
Жұлып алып шәліні тым ілезде
Жаба салып балаға үйқыдағы
Қызыл райхан мұңайып жатар жерде...

Барлық сөзді айтылған, үндерді де
Дел-сал күде тыңдарсыз қүндеуді де.
Ойланарсыз жанды жеп. Қатаярсыз.
Кеше жүрген үйқысыз түндерді де:

«Қорқынышты емеспін, жай емеспін.
Елеусіздеу өледі дейтіндер кім?!
Тіпті де жай емеспін, бұл өмірдің -
Қорқынышты екенін түсінбейтін?».

A. АХМАТОВА

(1889-1966)

ЖАЛҒЫЗДЫҚ

(Рилькеден)

Жалғыздық, жаным,
 Киелім менің - жалғыз Сен!
 Күндерім – мәлдір,
 Сәулелі шуақ, әрі кең.
 Оянған бақтай
 Арайлы аппақ таңменен.

Жалғыздық, жаным,
 Шақырған ұнге түк сенбе.
 Тұтқасын
 Алтын есіктің ұста, жіберме!
 Артында оның
 Тозақтай қапас дүние . . .

1910,
 «Царское село»


11

Ерте де емес – дүниеге
 Шуақ шалқып тұрган кездे
 келіппін.

Бірақ, Тәнір
 Талайыма фәніде
 Шаттық емес, зіл батпан мұң беріпті.

Бәлкім, содан?. .
 Кешіріндер, достарым!
 Тұнеремін тата-тал тұс ымырттай.
 Жүректерге
 жырым шабыт қоспады.
 Көкірегімде өкситіндей құс құйттай. . .

1913



ҰЗІНДІ

О, Жаратқан,
Өзім үшін бәрін де кешірер ем.
Жөн-ау одан,
Бүркіт болып тырнақта қозы бүрген.
Даладағы диқанды көзін ілген
Жылан болып шаққаным женіл дер ем.
Адам болып көргенше – еркі жоқты,
Сөзі ғажап, ойы арам есерсоқты,
Күнде біліп жүргенше зұлымдықты.
Көтерілмес аспанға көзім тіпті
Тану үят мөлдірлік, биіктікті.

1916

Еріктім де,
Кекекке қойдым сұрақ:
– Білесің бе,
– Өмірім қашан тынады?

... Тап-таза әуе,
қалың ну үнсіз қалып,
Сары сәуле
қарағай басын шалып,
Паң гүлдер де
Пәс болды жер жастанып ...

Үйге қайттым –
Маңдайым күйіп-жанып.
Несіне айттым,
Жолықан ойды қанғып?!
Қыып жетті
Ақ самал асыр салып,
Сүйіп-епті
Қалғандай жаңа танып ...

1919

МУЗА

Ұйқы қайда! Мен оны құткенімде,
Өмір сәл-пәл қалады үзілуге.
Ең сүйкімді мейманнның құрметіне
Бар болмысым көнердей дегеніне.

Міне келді. Отырды дәл жаныма.
Бет-жүзіме қарады жанып жатқан.
«Дантеге сен «Тозақты» жазғыздың ба?» -
деп сұрасам: «Мен» – деді ойланбастан.

1924


Кейіндеп қала алмаспын
Аққулар тізбегінен...
Нәзік те бола алмаспын
Женіліп сезімінен.
Тиісті әйел ақын -
Әр кейде, ер мінезді.
Әйтпесе, қүйреу жақын -
Айды кімдер кімді?!
Қоштасар сәтке дейін
Бақты - бақ демейсің де,
Өгей боп өзің үйін,
Келмейді кездескің де...

13

СОНҒЫ ТОСТ

Үйім үшін ішемін,
Ортасына құлаған.
Тағдыр үшін ішемін,
Тек ааңсын силаған.
Ернің үшін кезерген,
Сатқындықпен өсектен.
Көзің үшін безерген,
Өмірімді өксіткен.
Қатал, дәкір дүниеден
Арашалап алмаған –
Сен үшін де, Жар Ием!

1934



Өскен үйге, дос-жаранға ежелгі,
Табысады оп-оңай-ақ кейбіреу.
Біреулері дүниені кезеді,
Азып-тозып оралады кейіндеу.

Менің жолым кетеді ылғи құрдымға,
Қырсық, қайғы, бәле-жәле серігім.
Болған емес бір жақтарда шынында –
Бәз біреулер күтер деген сенімім.

1940

Мазаламай, қалдыршы!
Періште емен.
Көптің бірі мен-дағы көлгірсіген.
Кездер болған
Өзгенің мөлдір шығын
Шашып алып,
Тіпті де өкінбеген.

Жасырынып
Жылтықан бөтен жалын.
Тесек болған күндер бар
бөтен шалғын.
Теменшектеп жанарым
Тайқып кейде . . .
Қылыштықты тағдыры –
Мен бір жанмын.
Мазаламай, қалдыршы,
Жалынамын! . .

ПУШКИН

Кім біледі, атақ-даңқың не өзі!
Қандай заңмен, қанша құнға түседі?!

Сәті түскен мүмкіндік-ау шамасы?
Сен силаған рақаттың бағасы!

Бар пендеңді дاناңықпен жұбатып,
Жалғандығын қу өзілге сыйнатып.
Жалпақ жүрттың ықыласын құллатып,
Сонсоң қыып, зар қып түгел жылатып,
Ал өзінді ғасырларға ұзатып . . .

1943


Қасиетті кәсібіміз біздің бұл.
Өмір сүріп келе жатыр мың-мың жыл. . .
Өлеңсіз-ақ өшпес жарық дүніе,
Сейтсе-дағы, ешбір ақын пәниде
Айта алматы: дана деген жоқ мүлде,
Кәрілік жоқ, мүмкін тіпті өлім де.

1944

АЙ БИІКТЕ

Мұң басып ұйықтап кетсөң,
Шаттанып оянасың.
Бұла күш бойға тепкен,
Сезінбей қоя алмассың.
Кекнәрің қандай қызыл,
Бәйтерек қандай биік.
Кеудемде қапас, қыжыл,
Келіп ем жаным күйіп.
Кәуаптар ауласында
Тым аңы тұтін тымып.
Ай туза Шаһаризада -
Келердей бақтан шығып. . .
Мекені ғазелдердің -
Шығыс, сен осындан ма едің?!

1942-1944,
Ташкент



БЕСІК ЖЫРЫ

Бесігінді ақ самал боп
баяу ғана шайқадым,
Шырша болып көлеңкелеп,
иілдім де жайқалдым.

Әлди-әлди, әлди-ай,
Ұйықтай қойшы, балақай!

Үңілсем де бал жүзінде
алыстан да жақыннан
Байқамадым көк қаршыға
биіктікке талпынған.

Әлди-әлди, әлди-ай,
Ұйықтай қойшы, балақай!

26 тамыз 1949 (күндіз)

Ұмытады? - Өзіңше таңдандырдың!
Ұмытылғанмын жүз рет бұдан бұрын.
Жүз рет мен көмілгем молаға да,
Дәл қазір де жатырмын сол арада.
Муза болса үні өшкен, соқыр болған.
Сызды жердің дәніндей шіріп қалған.
Шарлау үшін кеңдігін кеңістіктің,
Керек бәлкім тағдыры Феникстің.

21 ақпан 1957,
Ленинград

ОЛ СҮЙЕТИН...

Дүниеде үш нәрсені сүйетін:
Жаймен ғана әндектенді кештерде.
Мәз болып бір сәбидейін қүлетін,
Айналғанда ақ totы әр түстерге.
Америка картасын кіл ілетін,
Сипап қойып тозығы әбден жетсе де.

Ұнатпайтын жылатқанды баланы.
Қаламайтын шайға жидек салғанды.
Жек көретін шу шығарса әйелі.
. . . Сол кездерде мен әйелі болғам-ды.

1910

Күркірі құнің сәл басылып
Қалған сәт жарық тым көмескі.
Қанатты сұр бұлттар асылып,
Ақ қайың арудай желекті.

Найзағай тығылып батысқа
Дүние қалып еді маужырап.
Шығыстан Кек Тәңір асыға,
Келеді күймесі салдырлап.


1915

Құзгі, тап-тар, өзі тіп-тік өрлеумен,
Таңғы шықты шашыратып аяғы.
Қалғысы жоқ мендей отсыз пен демен,
Бұрылмастан Муза кетіп барады.

«Күз өтеді. Қысты күтші менімен!»-
деп ем оған осыншама жалынып.
«Не іздел таптың молаға ұқсас бұл жерден?
Нені қимай, кімге жүрсің табынып?!».


Шала өлтіріп, жұбатпады жөнелді.
Өр мінезді жалғыз ғана арманым.
Сырласпады, маған көніл бөлмеді.
«Муза, тоқта! Сүйемін! . .» – дей алмадым.

Кептерлерім мені тастап бірге ұшты.
Сыйламақ ем өзім де оған көркемін.
Көкжиекті арай ашты, таң құшты.
Қақпасындаі ол тұратын өлкенің . . .



1915

Аппақ тастай тығылған су түбінде,
Көкірегімде бар менің де ғажабым.
Ұмыта алман, ұмытпаспын тегінде,
Себебі өзі – шаттығым да азабым.



Үңілген жан жанарымнан түсінер,
Ғажабымнан басымдығын мұнымның.
Женіл-желлі тыңдай алмай күрсінер –
Салмағынан ауырлау бұл сырымның.

Нәрселерге айналдырған Тәңірім
Адамдарды, қалдырып тек санасын.
Ұмытылмасын деген шығар төтті мұн.
Санамда сен бәлкім солай қалғансың . . .

1916,
Слепнево

Қала түннің құшағында, қараши,
Жібек самал өбіп қана еткендей.
Ойлап тапқан бір жалқау ғой шамасы,
Соған бола - ұйқым қаңғып кеткендей.

Сондай іссіз, еріккен бір пенделер,
Сандалады «махабbat бар» – деп лағып.
Сол «перінің күтіп, күйіп сенделер,
Ажырасса өлетіндей жынданып.

Ал мен сол бір «албастыменң тағдырдың,
Қақпасында қақтығысыг қалыптын.
Содан бері тапты мені қайғы-мұн,
Емі жоқ бір ауруға шалдықтым. . .

1917

Бағынышты болу саған?,
ақыл-есің түгел ме?!
Сандалыпсың. Жалғыз ғана
бағынамын Тәңірге.
Күйеу деген – жендет маған,
үйі оның - сұр түрме.
Керегі жоқ қапаңның да,
жәбірің де өзіңе.

Бірақ, міне... қайтып келдім,
өзім келдім көрдің бе?
Боран ұлып, аппақ қардан
дала оранып кебінге.
Қүзетіп тұр айналаны
желтоқсанның түнегі
Кіріптарлық артық екен –
ілеспедім өлімге.

Терезе алдап шақырғандай
сыздықтатып сәуле сін.
Қарлы боран қысқан құстай
әйнекке ұрган кеудесін.
Құйттай тірлік өмір үшін
қызыл қанға боялып...
Жыр ұшырған пәк жүрегім
сондай болып жүрмесін...


1921

Күркіресін қайтадан орган үні,
Жалтыл ойнап кеткендей құтырып бір.
Қалыңдығың қасқиған жанарымды,
Иығында амалсыз көтеріп тұр.

Қайран досым, қош енді, бол бақытты,
Қайтарамын өзіңе бал антынды.
Қайталанбас мен айтқан сандырақты,
Айтып қалма, өксітіп «алтыныңды».

Ол сандырақ күйдіріп улап жүрер,
Берекелі одақты сіздер құрган.
Ғажайып бақ күтіп тұр мен игерер –
Шөп сыйбырлап, сыйбырлап, ымдап Муза...

1921



КҮЗ

Мынау күздің әйелдей күйеуі өлген,
Тұман бүркіп жылауын, қара киіп.
Тірлікте айтқан сөздерін іріктеумен,
Өксі берер түрі бар жаны күйіп.

Солай бола береді қар түскенше,
Аяушылық еткенше аппақ үлпек,
Еркелеткен ер назы еске түссе,
Өз өмірін кетердей қиғысы кеп. . .

1921

Қандай ғажап біз оны білгеніміз!
Жамандау жат, саранды бос мақтауға.
Қорғап-қоршап сосын ба, жүргеніңіз,
Аяулы ақын баланды – Ана Хая?!

16 тамыз 1921

Сүйіктімнің бозғылт тартқан жүзінде
Тәнірінің батасындағы ақ сәулө,
Жалт-жұлт етіп, ойнап өткен кезінде –
Сәл нұрланып, ұйықтап кетті мәңгіге.

Мейірімін көк аспанның жып-жылы,
Мен өпті деп, «кешті бәрін. . .» деді ме?
Асыла сап, басын сүйер иығы –
Ұмыт болған – жанары да, ерні де . . .

Енді мені – марқұм. Суық денесі.
Жұбана алмай қысылады жүрегім.
Алып ұшшы, келер таңың сәулесі,
Жеткізші оған: -«Тек сен - дейін, –тілерім. . .»

1916

Біреуге табыт келсе,
Аллаға барады дер . . .
Ал, маған аз-ақ нәрсесе. . .
Керегі - үй, туған жер.

1914